

С. К. Қасымова

*Қазақстан Республикасы ТЖМ Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы,
Көкшетау, Қазақстан*

ӘСКЕРИ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ КУРСАНТТАРДЫҢ БІЛІМ АЛУ ҮРДІСІНДЕ КӘСІПТІК ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа: Аталған мақалада әскери жоғары оқу орындарындағы курсанттардың білім алу үрдісінде кәсіптік қалыптасуының ерекшеліктері туарлы баяндалған. Болашақ әскери мамандарды оқыту белгілі бір технологияны қолдана отырып, қойылған мақсаттарға жетудегі, оқу объектісінің меңгерілуіндегі субъектілердің (білім алушы мен оқытушының) педагогикалық ара-қатынасын сипаттайтын екі түрлі мағына береді және негізгі талаптары ретінде ол әскери қызметшінің жоғары дәрежедегі әскери-кәсіптік шеберлігінің дайындығына сай келетін жаңа заманғы талаптарға сәйкес болуы керек. Оқу барысында меңгерілетін білімді, білікпен дағдыны қорытындылай келгенде әскери шеберлік қалыптасады. Бұл маңызды мақсат әскери қызметшінің әртүрлі бейіндік пәндер бойынша сабақтарда оқу барысында іске асатыны белгілі. Сонымен қатар кез-келген пән аясында әскери жоғары оқу орнындағы білім алушының кәсіптік қалыптасуына ерекше мән берілуі тиіс деп есептейміз. Себебі болашақ маман яғни түлек еңбек жолына жолдама аларда өзінің сол мамандығына деген сәйкестігі саналы түрде біршама жоғары деңгейде болуы қажет. Әскери оқу үрдісінің логикасы екі жақтан да білімді өрбіту мен епті меңгеру үрдісіне әсер ететін жағдайлар мен дәлелдердің барлығын есепке алуды талап етеді. Ал курсанттарды оқытудағы тәрбиелеуші мен дамытушы адамгершілік қағидалар жекелік және ұжымдық көзқарас ережесінің заңдылықтарын зерттейді.

Түйінді сөздер: әскери қызмет, маман, кәсіптік қалыптасу, әскери педагогика, оқу үрдісі, тәрбие, қарым- қатынас, тарих

КСРО ыдырағаннан кейін 90-жылдардың басында Қазақстанның біртұтас Қарулы Күштерінде басқа көптеген посткеңестік мемлекеттердегідей егеменді мемлекет ретінде әскери ғылымның дамуының тежелу, тоқырауы пайда бола бастағаны анық және осы жағдайды тез арада шешу мәселесі аса маңызды болды. Сонымен қатар белгілі себептермен сол жылдары Қазақстан армиясының офицерлер құрамының корпусы сандық және сапалық деңгейімен ол кездегі талаптарға сай келмегені де жасырын емес. Оның себебі, аталған жылдары Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардың басты тірегі «мамандар тапшылығы» болды. Атап айтсақ, тек қана 1992-1994 жылдар аралығында ҚР Қарулы Күштерінен ТМД аумағындағы мемлекеттердің Қарулы Күштеріне ауысқандар, сондай-ақ, қызметтен запасқа босатылған офицерлер құрамының қатары бірнеше мыңдаған әскери қызметшіге жетті. Осы орайда әскери бөлімдердің жеке құрамы, рота, батальон тіпті полктарға дейін командирсіз яғни офицерлер тапшылығына кенелуіне байланысты «жедел» түрде офицерлерді арнайы қызметке тағайындау бойынша шешім қабылданған.

Қорғаныс министрлігі қызметінде, қарулы күштер түріндегі дивизион басқармаларында мамандарға қатысты жағдай, яғни оларда офицерлер құрамының жеткіліксіздігімен бірге құрылымдардағы қызмет атқарып жүрген Ресейден және

Украинадан шыққан тәжірибелі офицерлердің басқа мемлекеттің қарулы күштеріне ауысуға өтініш білдіруіне байланысты жаңа егеменді еліміздің әскери мамандарды дайындау жағдайы әлсіз болды. Әрине, ол кезегінде Тәуелсіз еліміздің әскери саласының бастапқы даму сатысы кезеңінде басшылық құрамның кәсіби шеберлігі мен әскери педагогиканың дамуына бірқатар кері әсерін тигізді. Сол себепті 1990 жылдардың басында елімізде Қазақстан армиясын құру мен дамытудың мәселелері бойынша едәуір маңызды заңдар қабылданғаны белгілі.

Оқу мен тәрбие жұмыстарын қайта құру бойынша, офицерлердің жоғары педагогикалық және кәсіби шеберлігін қалыптастыру туралы міндеттерді шешу ұзақ мерзімді уақытқа есептелген. Отандық әскери педагогикадан әскери тәжірибеге өту қажеттіліктен туды, армиядағы оқу-тәрбиелік жұмыстардың барлық түрін кешенді жасауды, офицерлер, прапорщиктер мен сержанттардан бастамалар мен педагогикалық шығармашылық тұрғысында шешуші өзгеріс жасауды талап етті [1]. Осы ретте әскери педагогиканың іргелі теоретикалық мәселелерін жасаудың қатарына озық әскери-педагогикалық тәжірибені зерттеуге, толықтыруға және өндіруге, сондай-ақ, жеке құрамның жоғары деңгейде ұрыстық дайындығын, әскери шеберлігін, тәртібі мен ұйымдастыру үшін барлық офицерлерге, командирлерге белсенді көмектесетін тиімді нұсқаулықтар мен оқу-әдістемелік әдіс-тәсілдерді дамытуға әлі де болса ұсыныстар жасауға басты назар аудару қажет деп есептейміз. Оның ішінде әсіресе түркілік интеграциядағы озық әскери педагогикалық яғни осы саладағы қызметшілерді оқыту мен тәрбиелеу үрдісінің қағидаларын, әскердің тегі мен түрлерін ескере отырып, жауынгерді оқытудың әдістемесі мен психологиялық дайындықтарын сонымен бірге өз еліміздің тарихи әскери тұлғаларының өмірлік-ерліктік жолдары мен ғылыми шығармашылығын оқу бағдарламаларына міндетті түрде енгізе отырып, салыстырмалы түрде зерделеумен дамыту басты назарда болса нұр үстіне нұр болары анық.

Бүгінгі мақаламыздың да тақырыбын осы негізде яғни «Әскери жоғары оқу орындарындағы курсанттардың білім алу үрдісінде кәсіптік қалыптасуының ерекшеліктері» деп зерделеуіміздің де басты мақсаты осында болмақ. Жылдар бойғы тәжірибе негізінде зерделегеніміз, әскери қызметшілерді оқыту үрдісі мемлекеттің әскери саясатының және ҚР-ның осы саладағы заңнамалық талаптарына сай өткізілуінің құрамында әскери доктрина, әскери ғылым, әскери жарғы және жалпы-мемлекеттік дайындық бағдарламасы, білім алудың мемлекеттік стандарты мен әскери мамандардың жоғары талаптарға сәйкес дайындығы. Оқыту барысы жарғыға сәйкес ұйымдастырылған болуы қажет. Яғни, ол командирлерге байланысты және әскери оқыту мен тәрбиелеу әдістемесін, құрылымын анықтайтын құжаттар (әскери ант, әскери жарғы, ҚР Қорғаныс, Төтенше жағдайлар министрлігінің бұйрықтары) талаптарына сәйкес әртүрлілік пен әскер түрінің дайындық әдісін ескеретін белгілі бір ұйымшылдық әдістемелер мен құжаттарында бекітілген.

Болашақ әскери мамандарды оқыту белгілі бір технологияны қолдана отырып, қойылған мақсаттарға жетудегі, оқу объектісінің меңгерілуіндегі субъектілердің (білім алушы мен оқытушының) педагогикалық ара-қатынасын сипаттайтын екі түрлі мағына береді және негізгі талаптары ретінде ол әскери қызметшінің жоғары дәрежедегі әскери-кәсіптік шеберлігінің дайындығына сай келетін жаңа заманғы талаптарға сәйкес болуы керек. Оқу барысында меңгерілетін білімді, білікпен дағдыны қорытындылай келгенде әскери шеберлік қалыптасады. Бұл маңызды мақсат

әскери қызметшінің әртүрлі бейіндік пәндер бойынша сабақтарда оқу барысында іске асатыны белгілі. Сонымен қатар кез-келген пән аясында әскери жоғары оқу орнындағы білім алушының кәсіптік қалыптасуына ерекше мән берілуі тиіс деп есептейміз. Себебі болашақ маман яғни түлек еңбек жолына жолдама аларда өзінің сол мамандығына деген сәйкестігі саналы түрде біршама жоғары деңгейде болуы қажет. Осы ретте ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі М. Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясында өзімізге жүктелген пәндер аясында оқу жұмыс бағдарламасына сәйкес берілген модульдер бойынша барынша курсанттардың болашақ мамандықтарының бейінін ескере отырып, сабақ жоспарын құрастыруға тырысамыз. Мәселен, Әлеуметтік-саяси білімдер модулі (психология) пәнінде оқу сабақтарының негізгі түрлері дәріс, әңгіме, семинар, сұхбат, топтық сабақтар мен жаттығулар, практикалық сабақтар, шағын конференция, бақылау жұмысы, кеңес беру, өзіндік жұмыс, топтық тренингтер және т. б. қолданылады. Оқу үрдісінің соңғы элементі – нәтиже. Логикаға салсақ, жүзеге асқан мақсат. Ал нәтижеге жету көрсеткіштерінің негізгілері әрине білім, білік, дағды және кәсіптік мағыналы қабілеттер болып табылады. Модуль бойынша курсанттардың кәсіптік қалыптасуына бейіндеуге болатын тақырыптар, Мотивация және өзіндік мотивация, Эмоцияны реттеудің әдістері мен механизмдері: эмоцияларды қайта қарастыру және эмоцияларды басу, Тұлғаның өзін-өзі реттеу психологиясы (стресс-менеджмент), Мінез акцентуациясы және тәрбие. Тұлғаның адамгершілік негіздері. Тұлғаның рухани әлеуметтенуі. Қазақстанның заманауи даму кезеңіндегі кәсіби тұлғаның құндылықтары мен бағдарлары: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, сананың ашықтығы, ұлттық бірегейлік. Кәсіби өзін-өзі анықтаудағы жеке құндылықтар мен мағыналар. Конфликтілік мінез-құлықтар: ынтымақтастық, бәсекелестік, қашу, құтылу, кооперация стратегиялары т. б.

Әскери оқу үрдісінің логикасы екі жақтан да білімді өрбіту мен епті меңгеру үрдісіне әсер ететін жағдайлар мен дәлелдердің барлығын есепке алуды талап етеді. Ал курсанттарды оқытудағы тәрбиелеуші мен дамытушы адамгершілік қағидалар жекелік және ұжымдық көзқарас ережесінің заңдылықтарын зерттейді. Осы ретте жоғарыда көрсетілген тақырыптар мазмұны болашақ офицерлерді тәрбиелеу барысында әскери ұжымдарды біріктіруде өзара қарым-қатынастар мәдениеттерін дамыту мәселелерінде маңызды орынға ие болады. Себебі әскери қызмет ерекшелігі командирлер мен бағыныштылардың жалпы және жеке өзара байланыстары айқын нормалар мен ережелер, талаптармен құрылады. Оған құқықтық нормалары, мемлекеттік өкімет органдарының және әскери басқарулардың қаулылары, командирлер мен басшылардың бұйрықтары, ұйғарымдары, әскери жарғылар мен нұсқаулар, сонымен қатар, этикалық нормалар мен заңдар енгізілгені белгілі.

Жеке тұлға басқа адамдармен байланыс жасаған жағдайда ғана дамуы мүмкін және ұжымдағы адамдардың басқа адамдармен өзара қатынасы мен нақты байланыстары тікелей қарым-қатынас жасағанда көрінеді [2]. Тұлғалар арасындағы өзара қатынас субъектив және объективті жағдайлардың әсер етуінен шығады. Объективті жағдайлармен әсер ету жеке тұлғалар арасындағы өзара қатынасқа субъективті түрде жүргізіледі. Ал бұл жағдай тәрбиеленушілерде, сержанттар мен топ басшылары, офицерлерде байқалады.

Қарулы Күштер өзінің қоғамдық белгілеріне сәйкес тиімді ұйымдастыруға ие. Мысалы, жарғыға сай қызмет әскери қызметшілерден командирлер мен

бастықтарына тікелей бағынуды талап етумен бірге әскери ұжымдарда шынайы өзара қатынастың ерекше құрылымы әскери іс-қимыл мен ұйымдастыруды қажет етеді. Сондай-ақ олар көбінесе сыйластық қарым-қатынас, үйлестірушілік қарым-қатынас, достық қарым-қатынас сияқты құрылымдарға бөлінеді. Әрбір құрылым жеке тұлғалар арасындағы шынайы қатынасқа әсер ететін белгілі бір психологиялық аспектілерге ие болады. Әскери қызметшілердің арасындағы қатынастың психологиялық мазмұнына қарай олардың сәйкесітігімен сәйкес еместігін бағалауға болады. Көбінесе жарғылық талаптарға сай қатынастар әскери қылықтардың болуына, әскери қызметшілердің тұлғалық қасиетінің кері дамуына жағдай жасайтын шарттар ретінде көрінеді. Сондықтан әр офицер әскери ұжымда жарғының дұрыс өзара қатынасын орнатуға тырысуы қажет. Ал оның ең басты тетігі кәсіби маманның коммуникативтік құзіреттілігінің жоғары деңгейде болуында. Ол өз кезегінде сөйлеу қызметі арқылы қалыптасады [3]. Коммуникативтік құзіреттілік - іс-әрекет барысында түрлі коммуникативтік міндеттерді шешу жағдайында сөйлеу әрекетін тиімді жүзеге асыруға даярлығы мен қабілетін көрсететін тұлғаның сипаттамасы. Оның негізін қарым-қатынас құралдары мен тәсілдері, іс-әрекет нормалары мен ережелері, әдептің ерекшеліктері, тұлғааралық байланыстарды орнату заңдары және коммуникативтік іскерліктер құрайды. Осы ретте пәнаралық байланыс ретінде біз елдің егемендігін, мемлекеттің тәуелсіздігін баянды етудің аса маңызды факторларының бірі – ұлттың тұтастығы мен бірлігі екенін алға тарта отырып, ұлттың ыдырамас тұтастығы, мызғымас бірлігі, түптеп келгенде, ұлт тілінің тұтастығы оның әдебилігімен тығыз байланыстылығын және ұлтты ұйыстыратын, оны өзге этностардан өзгешелігі мен айырмасын айқын аңғартатын негізгі белгісі де, бет-бедері де оның тілі, әсіресе ұлттық әдеби тілінен атап айтқанда, әскери тұлғалардың көркем шығармалары мен естеліктеріндегі оқиғалардан мысалдар келтіре отырып, баулуға тырысамыз. Әрине бірінші кезекте біздің академиямыздың басты идеологиялық талабы ол – Батыр бабамыздың үлгі тұтарлық өмірі мен шығармашылығын насихаттауды ұстануымыз жасырын емес.

Мәлік Ғабдуллин Ұлы Отан соғысы жылдарында ерлік-айбатымен бірге, қалам қайратымен халқына, еліне жан-тәнімен қызмет етті. Майдан өмірінің нағыз куәгері халық бақытын, қасиетті Отанын жау жүрек ерлердің шырғалаңы, бұралаңы мол қан кешудегі ерлік, батырлық қимылдарын дер шағында шынайы бейнелейтін көптеген деректі әңгімелер, көсемсөздер, мақалалар, очерктер, баяндамалар мен хаттар жарияланды. Мұның сыртында жазған күнделіктерін қоссақ, бұлар орыс, қазақ тілдерінде республикалық, майдандық газеттерде және «Қызыл Армияның үгітшісі мен насихатшысы» блокнотында басылып шықты. Сөйтіп, Қызыл Армия жауынгерлерінің рухын, қайрат-жігерін тасытты, күйлі, қуатты, сергек болуына ықпал жасалды, жанды да жарқын фактілерді негізге алды. Мәселен сол кездегі «Вперед на врага» газетінің 1944 жылғы қаңтардағы № 2, 4, 6, 8 сандарында «Жігіт тәрбиесі» деген көсемсөзі басылып шықты. Мұнда Орта Азия халықтарының әдет-ғұрыптары, ұлттық фольклордың тағылымдық, тәрбиелік сипаты, ұлттық мінез-құлық сырлары, тұрмыс-салт ерекшеліктері туралы тебіреністі ойлар өрбіткен. Қантөгісте жігітті жігерлендіретін немесе оған қымбат ел-отан, рухани қазына, ар-намыс, достық сезім екендігін шегелеп айтады.

Мәселен, «Бірде бір топ жігіттер жорық үстінде аса қиын, ауыр жағдайға душар болады. Соның арасынан бір жас жайнақ қайратына мініп, гүрілдеп «мен осы ұрыста

жекпе-жекке шығып, жалғыз дара соғысамын» деген екен сонда кәнігі, тәжірибелі батыр әлгі жас қыранға бір бау шыбық беріп «Сындыр» деп бұйырады. Бірақ сындырып тастауға әлі жетпейді.

Сонан соң бір тал шыбықты ұсынады. Ол шыбықтың быт-шытын шығарып қиратады. Сол кезде батыр тәрбиелік мән ретінде: «Міне, біздер де осындаймыз. Жекпе-жекке шықсақ, жау бізді жайратып жеңеді, ал біріксек, күш қоссақ мыңға татимыз, жеңіске жетеміз. Кестесін келтіріп, келістіре айтса, жауынгерлердің кілті табылады. Жеңіске жетудің басты шарттарының бірі – олардың ішкі жан дүниесінің құпия сырларын, жұмбақ күйлерін тап басу» [4].

Бұдан біз батыр бабамыздың түркі халықтарының ұлттық ерекшеліктеріне аса зор мән бермеуімен бірге жауынгерлердің кез келген жағдайда міндеттерін орындауға дайындығы мен жоғары моральдық-психологиялық тұрақтылығын, әскери мамандықты меңгеруге деген терең ынтасын қалыптастыруға құрметпен қарағанын байқаймыз. Оның тағы бір дәйегі 1943 жылы шілде айында Мәскеуде өткен орыс емес ұлттардан шыққан жауынгерлерді ерлік рухта ұлттық батырлық – қаһармандық дәстүрлер, халықтық дастан-хикаялар, жарқын әдеби-фольклорлық үлгілер арқылы тәрбиелеу хақындағы мәслихатқа Ғалымның қатысуы. Яғни дүниетанымы терең батыр ғалым соғыстың алғашқы күндерінен бастап өзінің саяси жұмысында мұндай рухани мұраларды асқан шеберлікпен ұтымды пайдаланған.

Сарбаздардың сөзді ұйып – ұғып тыңдауы үшін, соғыста нәтижелі жеңістерге жетуі үшін құлшыну мақсатында саяси жетекші халықтың аңыздары мен философиялық толғамдарын үнемі қолдана отырып, әрдайым салыстырулар жасап, былай дейді екен: «Әскери өнер тарихында тәртіптілік пен батырлықтың арасы бірақ қадам деген қағида бар. Расында да тап осылай. Әрбір металшы тат темірді бүлдіретінін және машинаны істен шығаратынын жақсы түсінеді. Егер темірге титтей дақ түсетін болса, демек, машинаның мүлтіксіз жұмыс істеуіне нұқсан келтіреді. Тәртіпсіздікті темірге түскен дақ деуге болады» [5]. Шынында тәртіптілік жинақылықтан, тиянақтылықтан, ар-иманнан, ізгіліктен, тазалықтан туады. Осындай қасиеттер нағыз қаһарманның болмысын белгілейді. Батыр бабамыздың 2020 жылы жарияланған «Қазақ батыры» атты қолжазбасындағы әр эпизод, әр ой-толғаудан қазіргі әскери қызметшілерді кәсіптік қалыптастыруға байланысты ұтымды мысалдар, әдіс-тәсілдерді кез-келген пән аясында көптеп үлгі ретінде ұсынуға болады. Себебі қолжазба шығарманың тақырыбы – Ұлы Отан соғысының қым-қуыт ұрыс майданының ащы шындығы, әскери жауынгерлер өмірі. Шығарма әрине, толық мағынасында көркем әдебиет емес, көп жерлері очерк түрінде жазылған және көркем суреттеудің орнына фактілер көп берілген. Кейіпкерлер психологиясы, майдан өмірінің шындығы жинақталып, Бауыржан Момышұлы, Мұхамбетқұл Сламқұлов, Жалмұхамбет Бозжанов, Балтабек Жетпісбаев, Ғаббас Бекқұлов, Төлеген Тоқтаров, Жұмажан Батталов т.б. образы көркемдік жағдай мен өмірлік фактілер арқылы ашылған. Қолжазба соңында батыр: «Мен Ұлы Отан соғысының солдататымын. Осы соғыста ел-жұрты, халқы үшін, халқының бақыты үшін жанын аямай жаумен соғысқан бірнеше азаматтардың істерін жаздым. Бұл жазулар блиндажда, кара көлеңке үйде, тарсылдақ атыстың астында отырып жазылған сөздер еді. Мұндай жағдайлар көңілді, ойды бөле беретінін айтпасам да түсінікті.

Майданда жүрген қазақ жігіттері халқы мақтаныш ететін іс істеуде. Олардың батырлық ерліктері үлкен хикая, жыр болып жазылуы керек» - дейді [4].

Осындай сұрапыл соғыстың күнделікті ағымын, қазақ жауынгерлерінің антына адалдығын, отан үшін оққа кеудесін қалай төсеп жүргендігімен қатар әскери қарым-қатынастың, тұлғаның рухани әлеуметтенуі мен мотивациялық талпыныс, өзін-өзі анықтаудағы жеке құндылықтар мен мағыналарды сол күйінде қағазға түсірген туындыны бүгінгі ұрпақтың игілігіне айналдыру, әсіресе насихаттау аса қажет және бізге жүктелген міндет деп білеміз.

Қорыта келе әскери жоғары оқу орындарындағы курсанттардың білім алу үрдісінде кәсіптік қалыптасуының ерекшеліктеріне сәйкес жас ұрпақты Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің шынайы қорғаушысы, жер-судың батыл сақшысы, сүйікті Отанының тірегі, иесі болу рухында тәрбиелеуге, ұлтының рухани игіліктері мен қасиеттерін жарқын болашақтың бақыты мен кәдесіне жарату, заманды жаңарту, қоғамды өрге өркендету мақсатында, адам бойындағы ізгілік пен кісілік, парасат пен пайым, жанашырлық пен бауырмалдық секілді нұрлы, мәйек, киелі жақсылықтарын кейінгі толқынның жүрегіне терең ұялатуға Мәлік Ғабдуллиннің ерлік өмірі мен өнегелі істерінің мәні мен мағынасы ерекше елеулі деп санаймыз. Тәуелсіз Қазақстан – кешегі заманда төрткіл дүниені тітіреткен, салт атты әскери өркениетімен салтанат құрған айбынды көшпелілердің заңды ұрпағы. Еуразияның Ұлы даласын тұлпар тұяғымен дүбірлеткен баһадүр бабаларымыздың соғыс тәжірибесі мен заңдарын әлем елдерінің қарулы күштері қабылдап, әскери жүйесін жасақтағаны – біз үшін зор мақтаныш. Сондықтан Қарулы Күштеріміздің әскери рухын шыңдауда даңқты әскери тарихымыз жауынгерлік дәстүріміздің өнегесі мен тәлім-тәрбиесі өлшеусіз рөл атқарады.

Әдебиеттер тізімі

1. Сақтағанов Б. К. Әскери педагогика. – Алматы: «Өлке», 2012. – 336 б.
2. Бархаев Б. П., Караяни А. Г. Психология и педагогика профессиональной деятельности офицера. – М.: Воениздат, 2011. – 488 с.
3. Касымова С. К. Қазақ тілін оқытудағы әскери афоризмдерді қолданудың әдістері мен ерекшеліктері // Наука и образование в гражданской защите. – 2021. – № 3(443). – С. 33-37.
4. М. Ғабдуллин. «Қазақ баласы». – Көкшетау, 2020. – 416 б.
5. С. Негимов. Мәлік Ғабдуллин: өмірі мен шығармашылығы. – Алматы: Санат, 2001. – 192 бет. – (Ғибратты мол ғұмыр).

References

1. Saqtaganov B. K. Askery pedagogika. – Almaty: «Olke», 2012. – 336 b.
2. Barhaev B. P., Karayani A. G. Psihologiya i pedagogika professional'noj deyatel'nosti oficera. – M.: Voenizdat, 2011. – 488 s.
3. Kasymova S. K. Kazak tilin oqytudaғы askery aforizmderdi qoldanudың әdisteri men erekshelikteri // Nauka i obrazovanie v grazhdanskoj zashchite. – 2021. – № 3(443). – S. 33-37.
4. M. Fabdullin. «Kazak balasy». – Kокshetau, 2020. – 416 b.
5. S. Negimov. Mәlik Fabdullin: әmiri men shyғarmashylyғy. – Almaty: Sanat, 2001. – 192 bet. – (Fibratty mol ғұmyr).

С. К. Касымова

*Академия гражданской защиты имени Малика Габдуллина
МЧС Республики Казахстан, Кокшетау, Казахстан*

ОСОБЕННОСТИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО СТАНОВЛЕНИЯ КУРСАНТОВ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ В ВОЕННОМ ВУЗЕ

Аннотация: В данной статье рассмотрены особенности профессионального становления курсантов военных вузов в учебном процессе. Подготовка будущих военных специалистов имеет два значения, характеризующих педагогические взаимоотношения субъектов (курсантов и преподавателей) в достижении поставленных целей с использованием определенной технологии, и в качестве основного условия отвечает требованиям высокого уровня военного профессионализма. Военные навыки формируются при обобщении знаний и умений, полученных в ходе обучения. Известно, что эта важная цель достигается при подготовке военнослужащих по различным дисциплинам. Мы также считаем, что особое внимание по любой дисциплине следует уделить профессиональному развитию курсантов военных вузов. Это связано с тем, что при направлении на работу будущего специалиста, т. е. выпускника, он должен сознательно иметь высокий уровень соответствия этой профессии. Логика процесса военной подготовки требует учета всех обстоятельств и аргументов, влияющих на процесс освоения знаний и навыков с обеих сторон. Воспитательно-развивающие нравственные начала в обучении курсантов изучают законы, правила индивидуального и коллективного подхода.

Ключевые слова: военная служба, специалист, повышение квалификации, военная педагогика, воспитательный процесс, воспитание, общение, история.

S. K. Kasymova

*Civil Defence Academy named after Malik Gabdullin MES
of the Republic of Kazakhstan, Kokshetau, Kazakhstan*

FEATURES OF PROFESSIONAL FORMATION OF CADETS IN THE PROCESS OF TRAINING IN A MILITARY UNIVERSITY

Abstract: This article discusses the features of the professional development of cadets of military universities in the educational process. The training of future military specialists has two meanings that characterize the pedagogical relationship of subjects (cadets and teachers) in achieving the goals set using a certain technology, and as the main condition meets the requirements of a high level of military professionalism. Military skills are formed by summarizing the knowledge and skills acquired during training. It is known that this important goal is achieved in the training of military personnel in various disciplines. We also believe that special attention in any discipline should be given to the professional development of cadets of military universities. This is due to the fact that when a future specialist, i.e. a graduate, is sent to work, he must consciously have a high level of compliance with this profession. The logic of the military training process requires taking into account all the circumstances and arguments that affect the process of mastering knowledge and skills on both sides. Educational and developing moral principles in the training of cadets study the laws, rules of an individual and collective approach.

Key words: military service, specialist, professional development, military pedagogy, educational process, education, communication, history

Авторлар туралы мәлімет / Сведения об авторах / Information about the authors

Сандугаш Кенжебекқызы Қасымова – филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы ТЖМ Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы әлеуметтік-гуманитарлық пәндер, тілдер және психологиялық дайындық кафедрасының профессоры. Қазақстан, Көкшетау, Ақан Сері көшесі, 136. E-mail: merei_72@mail.ru

Касымова Сандугаш Кенжибековна – кандидат филологических наук, профессор кафедры социально-гуманитарных наук, языковой и психологических дисциплин Академии гражданской защиты имени Малика Габдуллина МЧС Республики Казахстан. Казахстан, Кокшетау, ул. Акана Серэ, 136. E-mail: merei_72@mail.ru

Kasymova Sandugash – Candidate of Philology, Professor of the Department of Social and Humanitarian Sciences, Language and Psychological Disciplines of the Civil Defence Academy named after Malik Gabdullin MES of the Republic of Kazakhstan. Kazakhstan, Kokshetau, Akana Sere st., 136. E-mail: merei_72@mail.ru